



ТҰРПАҢ- ҚАЗАЛЫ

№84
(2255)
Сәрсенбі
9 қазан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЯУЛЫ ҰСТАЗДАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Қазалыда ұлағатты күнімен шын жүректен ұстаздар қауымының кәсіби мерекесіне орай «Ұстаз лайық құрметке» атты мерекелік салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, барша ұстаздарды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

— Ардақты білім саласының ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар

күнімен шын жүректен құттықтаймын! Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше.

Егемен елімізді өркениетке бастар жолда бәсекеге қабілетті білікті маманды, мықты тұлғаны, елжанды азаматты қалыптастыратын ұстаз. Дана ой иелері де, қоғам қайраткерлері де ұстаздың алдында бас иеді. Мерейлі мерекелеріңізде Сіздерге

ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін, - деді аудан әкімі.

Бұдан кейін білім саласында толағай табысқа жетіп, шәкірттерді шынға шығарып жүрген бірқатар ұстаздар марапат төрінен көрінді. Олар ҚР Оқу-ағарту министрлігі, облыс, аудан әкімінің «Құрмет грамотасы», «Алғыс хатымен» марапатталды. Мұнан соң мерекеге орай сахна төріне аудан әкімінің ықылас гүлі шығарылып, барша ұстаздарға құрмет

көрсетілді.

Ұлағатты ұстаздардың мерейін үстем еткен көңілді кеште өнерді жанына серік еткен аяулы ұстаздар мен өнерлі оқушылар ән-күйден шашу шашып, көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады.

Мерекелік шара Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей оқушылар хорының орындауындағы «Ұстазым» әнімен қортындыланды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

Қазалы ауданында Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдық мерекелік шарасын өткізудің БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Шара атауы	Өткізілетін орны
18 қазан 2024 жыл Жұма		
сағат 10.00 – 12.30	«Текті сөздің төресі» атты ғылыми-танымдық конференция	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
сағат 12.30 – 13.00	Әйтеке би ескерткішіне гүл шоқтарын қою, тағзым ету	Әйтеке би ескерткішінің алаңы
сағат 13.00 – 15.00	Түскі ас	«Орда» мейрамханасы
сағат 15.00 – 17.00	«Айыр тілді – Әйтеке би» атты облыстық ақындар мүшәйрасы	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Қазалы ауданында 2024 жылғы 18 қазанда қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, аса көрнекті мемлекет қайраткері, кемеңгер ойшыл, шешен Әйтеке би Бәйбекұлының туғанына 380 жыл толуына орай және 19-20 қазан күндері халық батыры әрі әулие Жанқожа Нұрмұхаммедұлының туғанына 250 жыл толуына арналған республикалық деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылады. Келіңіздер, думанды мерекенің куәсі болыңыздар! Төменде іс-шаралардың бағдарламасын ұсынамыз.

Қазалы ауданында Халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдық мерейтойын атап өтудің БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Шара атауы	Өткізілетін орны
19 қазан 2024 жыл Сенбі		
сағат 09.30 – 10.30	Жанқожа батыр рухына тағзым ету «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым	Жанқожа батыр кешені
сағат 10.00 – 13.00	Қазақ күресінен республикалық турнир	«Әмір арена» спорт кешені
сағат 11.00 – 13.00	«Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференция	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
сағат 13.00 – 15.00	Жанқожа баба рухына арналған ас	Жанқожа батыр көшесіне тігілген киіз үйлер және «Алтын сарай» мейрамханасы
сағат 15.00 – 18.00	«Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
сағат 19.00 – 21.00	Жанқожа батырдың 250 жылдығына және «Алтын күз-2024» мерекесіне арналған салтанатты шара, Эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік гала-концерт	Орталық стадион
20 қазан 2024 жыл Жексенбі		
сағат 09.00 – 11.00	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі	Қ.Пірімов көшесінің бойы
сағат 10.00 – 14.00	Республикалық ат бәйгесі /Аламан, Тоқ, Құнан, Тай/	«Әбдіраман» төбе

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Өтепова Сая Арысжанқызы 1989 жылдың 14 қарашасында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы қыстағында (қазіргі Әйтеке би кенті) дүниеге келген. Отбасындағы 4 баланың үлкені. 1995 жылы № 170 орта мектептің табалдырығын аттаған. 11 жыл білім алып, өте жақсы деген бағамен бітірген. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Орынбаева Балагүл, Омарова Майра ұстаздарына еліктеп, 2006 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына грантпен оқуға түсіп, бітірген. 2010 жылы университетті үздік бағамен тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Б.Алтынсарин атындағы № 204 орта мектепте бастаған. Мектептегі түрлі сайыстар мен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, көзге түскен. Оған алғашқыда жол көрсетіп, бағыт-бағдар берген тәжірибелі ұстаздар Жетілген Гауһар мен Жұмағазиева Роза апайлары. Қазір Сая № 276 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Тәжірибе жинақтаған 14 жылдық ұстаздық қызметінде жетістіктері мол. Атап айтсақ Халықаралық «Be Clever» орталығының ұйымдастыруымен өткізілген байқауда «Үздік педагог» төсбелгісін, Парасат-республикалық білім сайтының ұйымдастыруымен өткен «Ең білімді педагог-2020» атты республикалық байқауында «Үздік заманауи сабақ» номинациясы бойынша І-ші орын иеленді, осы жылы «Сыр

қойнауы» бағдарламасы: «Біздің отбасының құнды жәдігерлері» тақырыбындағы жас зерттеушілердің облыстық жоба жазу сайысында жүлделі орын; 2020 жылы ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығы ұйымдастырған ІІІ Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасында ІІ дәрежелі Дипломмен, Qaztest.kz олимпиада сайты бірлесіп ұстаздарға арнап ұйымдастырған республикалық пәндік олимпиадасында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні бойынша ІІ дәрежелі дипломмен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған. «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша І орын иеленген. Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің Құрмет грамотасымен, «Оқырмандық қызығушылық: «Сыныптан тыс оқуды дамытудың заманауи цифрлық ресурстары» облыстық буктрейлер байқауының «Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы» бағыты бойынша І дәрежелі дипломмен марапатталып, 2022 жылы «Ұлттық педагогика құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбында өткізілген

аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін аудандық білім бөлімінің Алғыс хатын иеленді. Басқа да шығармашылық сайыстарға үзбей қатысқаны, Қазақстанның рухани дамуы жолында ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегімен және білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының Құрмет грамотасымен марапатталып, 2024 жылы «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша І-ші орын иеленді. Ахмет Байтұрсыновқа арналған буктрейлер байқауына қатысып «Алғыс хат» алды.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуге балаға» демекші оқушыларының жетістіктерінде аз емес. Мәселен, 2020 жылы «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафонында оқушылары: Әбдіқаниева Аяулым, Құттыбаева Динара, Қолдасбай Ақерке, Сисенбаева Айдана, Толыбай Амина, Замадинова Аяулым, Сертай Самал жүлдегер атанды. Осы жылы «Сыр қойнауы» жобасы аясында өткізілген «Біздің отбасының құнды жәдігерлері» тақырыбындағы облыстық жас зерттеушілердің сайысында оқушысы Замадинова Аяулым ІІ -ші дәрежелі дипломмен, «Ұстазым, менің ұстазым...» атты шығармашылық байқауының

облыстық кезеңінде 9-сынып оқушысы Әбдіқаниева Аяулым ІІ-ші орын иеленді.

2021 жылы Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде «Тіл білімі» бағыты бойынша 11- сынып оқушысы Жеткерген Ақбота жүлдегер атанды. Осы жылы «Ер Едіге» жырын жатқа айтудан «Qazaq Eros» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауына белсенді қатысқаны үшін Құттыбаева Динара арнайы дипломмен марапатталса, ауыл мектептерінің 5-8 сынып оқушылары арасында ұстаздар күніне орай өткізілген «Ұстаз-ұлы тұлға» атты облыстық эссе жазу байқауында 5-сынып оқушысы Төремұрат Аяжан ІІІ-ші орынды, 2023 жылы «Әскердегі әкеме хат» облыстық эссе байқауында оқушысы Жеткерген Ерасыл «Алғыс хат» пен мадақталды.

2024 жылы Қазақстан Республикасы ауыл мектептерінің 6 – сынып оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасында оқушылары: Қалдыбекқызы Айшолпан, Қуантхан Гүлназым жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, әр оқу жылындағы оқушыларының жетістіктері аз емес. Мәселен 2020-2021 оқу жылында ҰБТ нәтижесі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнін таңдаған шәкірті Жеткерген Ақбота жоғарғы нәтиже көрсетіп, А.Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университетінің грант иегері атанды.

Гүлшахар ӘЙМІШОВА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БАРША ҚОҒАМНЫҢ ЖАУЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды және басым бағыттарының бірі болып табылатыны баршаға мәлім. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті делінген.

Кез келген мемлекет құқықтық жүйенің негізгі принциптеріне сәйкес адалдық пен сатылмаушылықты, жауапкершілік пен ашықтықты көрсететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді және үйлесімді саясатын әзірлеуге ұмтылады.

Қазақстан Республикасы да әлемнің көптеген басқа елдері сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Біздің мемлекетіміз - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қабылдаған және халықаралық конвенцияларға қосылған ТМД-ның алғашқы мемлекеттерінің бірі. Елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі экономикалық дамуға кедергі

келтіреді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің беделін түсіреді және Қазақстан елімен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процестерін баяулатады және демократиялық мемлекеттің саяси және әлеуметтік институттарына теріс әсер етеді, бұл елдің болашағына елеулі қатер төндіреді. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық тек саясатта ғана емес, экономика мен басқару элитасында да кең таралған. Бұл жағдайлар мынадай міндеттерді туғызады: біріншіден, сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін жағдайлармен күрес жолымен сыбайлас жемқорлықтың дамуын төмендету және кедергі келтіру; екіншіден, осы проблемаларды шешуде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа және құқық бұзушылыққа бейімділігінің себептері әртүрлі. Бұған, ең алдымен, қызметшілердің білім деңгейінің төмендігі және этикалық ұстанымның болмауы жатады.

Парақорлықтың кеңеюіне кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы, кәсіби этика мен адами қасиеттердің әлсіз болуы да ықпал етеді. Ең өкініштісі және қауіптісі сыбайлас жемқорлықтың тереңдеу мүмкіндігі, өйткені мемлекеттік органдардың кейбір басшылары жемқорлықты тамырымен жоюға барынша ынта танытпайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын орындау бойынша жұмыс жүргізбейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді күрес жүргізу үшін құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру, халықтың құқықтық сауатсыздығын жою қажет. Халық өз құқықтарын, оларға қарсы қандай да бір заңсыз іс-әрекеттер жасаған жағдайда қандай іс-әрекеттер жасау керектігін толық білуі тиіс. Бүгінгі күннің басты мақсаты конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясатты жүргізу, мемлекет пен азаматтардың тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін және оның көріністерін азайту, қоғамның мемлекетке

және оның қоғамдық институттарына сенімін нығайту болып табылады.

Бүгінгі таңда, «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріліп келеді.

**Қожахмет ҚУАНҒАЛИ,
«Өркендеу» ауылдық округінің әкімі**

МАЗАСЫЗ ТҮН

Болатбек аптаның соңғы күні кеңседе оны-мұны қағаздарын ретке келтіріп, жұмыстан кештеу шығып, есік алдында сәл аялдап, көктемнің жанға жайлы ауасын көкірек кере сіміре жұтып тұрып шаршағанын сезді де ілгері аяқ басып ілби жүре берді. Енді байқады көшедегі жүргіншілер қатары сиреген. Орталық көшеден үйіне қарай бұрыла бергенде өзінен әудем жерде кетіп бара жатқан адамды таныды да әуелгіде сәл кідіріс жасады. Қуып жетіп сәлемдеспекке бекінді де ілгері шалт адымдай басып, жүрісін ширатты. Ол да мұны байқап келеді екен, бұл қатарласа бергенде жалт қарады да көшені шұғыл кесіп өтіп, қайырылмастан кете бар-ды. Бұл «көке» деп дауыстағанымен тоқтамады. Болатбек қалт тұрып қалып, көңілі пәс тартып, ілгері басқан аяғы кері кетіп, әрі-сәрі күйде үйіне қарай жүріп келеді...

Есікті ашқан аққұба өңді, орта бойлы келіншек күйеуінің абыржулы жүзін көріп сәл секем алып «Болат, жайшылық па, түсің қашып кетіпті ғой, ауырып қалғаннан сауымысың?», - деп жұбайының жүзіне үрке қарады.

-Қорықпа Анар, денім сау, ештеңеде болған жоқ. Жаңа көкемді көріп, сәлемдеспек болып едім, қайырылмай, қарамай кетті,- деді.

Көкемді көрдім дегенде-ақ аққұба келіншектің жүзінде қызғылт шырай қылаң берген. Ол жұбайының көңілсіз есік ашуының себебін сонда ғана аңдаған-ды. «Болат, мазасызданбай-ақ қойшы. Үлкен кісі ғой, бізді әлі-ақ түсінер, жағдайымызбен санасар, тіл табысып-ақ кетерміз. Сен қазір оңаша тынығып демалшы», -деп жұбайымен төргі бөлмеге дейін бірге еріп барып, есікті ақырын жауып, өзін оңаша қалдырып шығып кетті.

...Болатбек мазасыз ойлар шырмауынан арылар емес. Япырмай, жақын адамының жат болып бар жатқаны қалай? Бұған өкпелесін-ақ, бірақ сәлемін алмай, тұра қаша жөнелетіндей не реті бар еді. Өзіне салса көкесінің бұған кінә артатындай жөні жоқ. Қайта оған бұл өкпелеп жүргенді. Оның әлгіндегі қылығын неге жорырын білмей басын қатырды. Көкесі мен бұлардың отбасының сыйластығына қалай, қашан сызат түсіп еді өзі. Бәрі-бәрі туған анасымен араға қаншама жылдар салып қайта табысуынан басталды емес пе...

Болатбек ес біліп, ержеткен соң ағайын-туыстарының құпиялап айтқан сөздерінен ұққаны әкесі мен анасының арасынан қандай қара мысықтың жүгіріп өткені белгісіз, төрт-бес жыл жұптасып өмір сүріпті де ажырасып тыныпты. Оның себеп-салдарын әлі күнге ешкім ашып айтқан емес. Үлкендер жағы: «дәм-тұзы жараспадыдан»

әрі сөз қозғамайды. Күйеуінен ажырасқан соң анасы нендей себебі барын кім білсін, туған жерден көршілес облысқа қоныс аударады. Тұңғышы Болатбекті ата-енесінің қолында қалдырып, інісі Бақытты өзімен бірге алып кетіпті. Әкесі екінші рет үйленген соң Болатбекті әкесінің туған апасы Күләш тәрбиесіне алған. Жаратушы біледі ғой, Күләш анасының бұған деген пейілі ала бөтен-ді. Ешкімнен кем қылмай өсіріп, барын аузына тосты. Тәрбие беріп, жоғары білім алуына қол жеткізді. Мектеп бітірген жылы күн сайын құлағын шулатып, қайта-қайта ақыл-кеңесін айтып, ақыры дегеніне көндіріп, үйленуіне себепші болған да анасы. Немерелі болған күні: «Құдай жалғызымның артынан ерген қараларын аман қыла көр деп» қызыл шақа сәбиді құшағына қысып, мейірлене иіскеп, қуаныштан асып-тасып, мәре-сәре болған. Бұл да анасының көңіліне қарап әкесіне өзімсініп еркелей алмады. Әкемен арадағы қатынас аға мен інінің сыйластығынан әрі аспады. Сондықтан әкесін «көке» деп атап кеткен. Ал ол кезде туған анасы жайлы көп ойлаған да емес-ті. Себебі, өзін өмірге әкелген адамға «тастап кетті» деген өкпе жүрегінде мұз болып қатып қалған-ды. Өйткені Күләш анасыда көзінің тірісінде інісі екеуін табыстыра алмай жүргені жайлы қинала айтқанымен туған анасы жайлы сөз қозғамайтын. Тек аракідік: «анаң сені тастап күйеуге шығып кетті» дейтін.

Бірде Күләш анасы қатты ауырып, Болатбек пен Анар асып-сасып дәрігер шақыртты. Күні-түні кезек-кезек анасының қасында болып көңілін аулады. Абырой болғанда ем дарып, анасының беті бері қарап, үйдің шырайын кіргізіп, отбасын қуанышқа толтырды.

Болатбек жұмыстан келісімен анасы жатқан бөлменің есігін ашқан.

-Айналайын, жұмыстан келдің ба? –деді анасы оны қасына шақырып. Сосын сәл үнсіз отырды да сөзін қайта сабақтады. – Балам, бақтым-қақтым, өсірдім. Бірақ оны міндет етпеймін. Еңбегім қайтты. Келін де, сен де алдымнан кесе өткендерің жоқ. Несін жасырайын өз өміріме шүкіршілік етемін. Біреулер туған баласынан да безіп жатқан жоқ па? Тұлдырсыз өскен мен байғұс сені алданыш, жұбаныш көріп бауырыма басып едім. Сен болмасаң, сені алданыш етпегенде осы күнге жетер ме едім. Енді сендердің алдарыңда өмірден өтсем де арманым болмас еді. Бірақ көзімнің тірісінде ініңмен кездескенінді көрсем деп едім. Оған мына ауру жеткізсе көнекей...

-Апа, әлі-ақ жазылып кетесің. Өзіңді қажыта бермеші. Алдымен сауығып алыңызшы. Бар шаруаны сосын ақылдасармыз...

-Құлыным-ау, менің ауруым сендерді қажытама деп қиналамын. Мен байғұс тағдырдың қай ісіне көнбеп едім. Сендердің қызықтарыңды көрем бе дегенде мына дерттің қайдан жабысқанын білмеймін. Әйтеуір сауығып кетсем жарар еді. Шүкір, өнеукүнгіге қарағанда тәуірмін ғой. Тек көңілдегі сырды айтып жатырмын. Аман болсам табысқандарыңды көрсем деймін...

Болатбек Күләш анасымен болған әңгімеден кейін туған анасымен інісі жайлы еске алып, «бейтаныс» жандарға деген сағыныш сезімі кейде кеудесін түрткілейтін болды. Сөйтіп жүргенде анасы сауығып қайта аяғына мінді. Енді Болатбекте, Анар да үйге алаңдамай жұмыстарына кірісіп кетті.

Болатбек үйде жалғыз өзі теледидар көріп отырғанда көршісі келіп қолына хат ұстатты.

-Біздің үйге жаңсақ келген болуы керек, -деді көршісі. Конверт сыртында Болатбек Боранбаевқа деп сіздің атыңызға жазылыпты. Оның үстіне Қарағанды қаласынан бізге ешкім хат жазбайды. Ол жақта туысымызда жоқ. Сондықтан конвертті ашпай саған әкеліп тұрмын...

Болатбек Қарағандыдан маған да хат жазатын адамның реті жоқ еді ғой деп айтқысы келіп тұрды да, көршісінің көңіліне қарап «рахмет» деп алып қалды. Өйткені хат көршісінің айтуынша өзіне жіберілген ғой.

-Бауырым, Болатбек, - деп басталыпты хат. –Бауырым сені іздегеніме бірнеше жылдың жүзі болды. Әрдайым сен жайлы сұрастырып жүретінмін. Жақында бір тойда Қуаныш есімді Қазалылық жігітпен кездейсоқ таныстым. Ашық мінезді жігіт екен. Сөзіміз жара-сып, шүйіркелесіп әңгімелесіп кеттік. Ол сәл ойланып тұрып:

«Сіз айып етпеңіз, менің ағамның достарының бірі Болатбектен аумайсыз-ау, аумайсыз. Бойыңыз да шамалас. Ол жақта туысыңыз жоқ па?-демесі бар ма?! Фамилиясы кім десем Боранбаев болар деп қарап тұр. Мен оған өз сырымды айттым. Ол сіздің адресіңізді маған жазып берді. Сол адрес бойынша хат жазып отырмын. Егер туғаным болсаң, өзім солай санап отырмын, хаттың соңында жазған адреске хат жаз, анамды қуанта берейін», -деп соңына Бақыт Боранбаев деп қол қойыпты.

Болатбек хатты оқып болған соң толқынысты ойлар мазалай бастады. Жан дүниесіне әлдеқайдан қуаныш нұры құйылғандай ма, жақсылық хабар қуанышқа жетелейтін тәрізді ме, әйтеуір көңіл-күйі өзгеріп сала берген тәрізді. Десе де сабырлық сақтады. Анардың жұмыстан келуін тағатсыздана күтті. Ойла-сып алуы керек. Анасы бұл хатты қалай қабылдар екен дегенге

келген де тағы дағдарды.

Анар екеуі ойласа келе хат мазмұнын анасына жеткізуді жөн көрді.

Анасы: «дереу хат жазып хабарласындар. Аты да сол, түрі де ұқсас дей ме, құдай-ау сендерді қуанышпен кездестіруге жазсын» деп күбірлей берген.

Бұдан кейін іні мен аға арасындағы дәнекерлікті (ол кезде қазіргідей телефон байланысы жоқ) ақ қағаз бетіне жазылған хаттар жалғады. Күләш ана Болатбекке «Алдымен келін екеуің ініңді іздеп барындар», -деп ақыл қосты.

Болатбек пен Анар еңбек демалысын алған соң анасының ақыл қосуымен інісінің ауылына бару үшін жолға шықты. Қарағанды қаласына дейін пойызбен барып, аудан орталығы, ауылға автобуспен жетті. Автобустан түсіп оңаша қалғанда бір жас келіншек жақындап келіп сәлемдесіп: «Сіз Болатбек ағасыз ба?»-деп сұраған. Бұл «иә» дегенде өзін келініңмін деп таныстырып, құшақтасып көрісіп, үйіне қарай бастан жүрген. Кешеден бері пойыздан да, автобустан да күтіп жүргендерін айтты. Жолай қарсы кездескен көлікті тоқтатып, жүргізушіге «шеберханаға барып, Бақытқа айтыңызшы, ағасы келді» деңізші деп өтінді.

Інісінің үйіне жақындай бергенде жандарына келіп тоқтаған автокөліктен апыл-ғұпыл түскен Болатбектің өзінен аумайтын жігіт бірден құшаққа алды. Анармен де құшақтасып көрісіп, балаларды жерден көтеріп алып, алма-кезек беттерінен сүйді. Сол жерде көрші-қоландар да жиналып оң болсын айтып жатты. Үйге кіріп жайғасқан соң інісі: «Алдымен анамызға барып сәлем бергендерің жөн болар», - деді.

Болатбек осы сапарында тек інісін көріп кетуге келген. Себебі, анасының отбасы бар және анасына «тастап кетті» деген өкпесі әлі тарқамаған. Сондықтан анасының үйіне баруды қолай көрмесе де туған інісінің ұсынысына қарсы уәж айта алмай ізіне ере берген. Анасының үйі де бір көшенің бойында екен. Үй ауласына кіре бергенде үйден егде тартқан әйел жүгіре шығып, үстіндегі қалатының түймесін жүре түймелеп, бұларға құшағын жая ұмтылып келіп бас салды. Жанарын жас жуған анасы мауқын баса алмай, балалары мен немерелерін құшағына кезек қысып алып ұзақ сүйген. Көзінен аққан жасты әрең сүртіп, балаларын үйге бастап кірді. Төргі бөлмеде дастархан жаюлы. Бұларды күтіп отырғаны белгілі. Анасы Болатбектерді төрге отырғызып жайғастырған соң өз балаларымен таныстырды. Бәрі келіп, Болатбектің қолын алып сәлемдесті.



ЖЕМҚОРЛЫҚ-ІНДЕТ, ЖОЮ МІНДЕТ

Біз қалыптасқан жаңа қоғамда өмір сүріп келеміз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, осы жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол-әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өміріне кері әсерін тигізетін мәселе, ол-жемқорлық.

Елімізде осы мәселенің алдын алу, болдырмау бағытында қабылданған шаралар жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын жемқорлық саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайыссын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейімен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің алдын алу, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Өткенімізге көз салсақ, ел болып еңсемізді көтергенімізге, Тәуелсіздігімізді алып, әлемге танылғанымызға біршама жылдар өтті. Мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасымен әлеуметтік жағдайы артып, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жарқын жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етті.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуіміз керек.

**Алмас БЕГАЛИЕВ,
«Алға» ауылдық округінің әкімі**

МАЗАСЫЗ ТҮН

(Соңы. Басы 3-ші бетте)

Анасы Болатбекті төркініне қалай тастап кеткені жөніндегі сырды бүгіп қалмай бәрін жайып салды. Екінші күйеуінен алты баласы барын, олардың алды үйленіп, тұрмыс құрғанын баяндады. Арада өткен отыз жылға жуық уақыт ана мен бала, аға мен інінің туыстық қарым-қатынасындағы беймәлім сырларды бүркеп жатыр екен. Болатбек те оңаша сәтте анасына өкпесін айтты.

Анауәжідебірде дәлелді, бірде дәлелсіз шығып жатты.

Болатбектің отыз жылдан соң анасымен, інісімен табысуы қандай ауыр, сағынышты болса, қоштасуы да қиыстыққа ұласты. Анасымен іні-қарындастары Қарағанды қаласына бірге келіп, пойызға шығарып салды. Болатбекте оларды туған ауылына келуін

өтініп қоштасқан.

Інісі Қазалыға келгенде Күләш ана қуана қарсы алып, мәре-сәре болды «Арманым екеуіңнің табысқандарыңды көру еді. Оған да жеттім» деп екеуін құшағына алма кезек қысқан. Құдай сол тілегін қабыл етті ме кім білсін, олар табысқаннан кейін көп ұзамай-ақ Күләш ана ауырып, көп төсек тартып жатпастан дүние салды. Бақыттың анасы Маржан арнайы келіп Күләштің басына барып зиярат етті. Сол жолы біраз күн ағайын-туыстарының үйінде қонақ болып қайтты. Алайда Болатбектің туған анасына көрсеткен қошеметі мен сый-сыйапаты көкесіне ұнамаған. Сол күннен бастап олардың отбасымен қарым-қатынасы көмескілене берген. Араларынан қандай қара мысықтың жүгіріп өткенін кім

білсін. Бұл жұмбақ сырдың шешуін әлі күнге таба алмай келеді.

Болатбек үшін бұл мазасыз түн болды. Әйтсе де таң алдында қалғып кетіпті. Аз ұйықтаса да сергіп қалыпты. Жуынып азанғы ас ішуге дастархан басына келіп отырған соң зайыбына: «Ертең – 1 мамыр мерекесі ғой. Көкемнің үйіне барып мерекесімен құттықтап шығайықшы», - деді.

-Жарайды, - деді Анар жұбайына күлімсірей қарап. –Ертең – 1 мамыр мерекесі. Анар осы бір сөздерді ерекше бір көтеріңкі леппен, дауыс ырғағын құбылтып созып айтты. Бәлкім әке мен бала бірлік мерекесі күні тіл табысар, арадағы өкпе-реніш жуып шайылар...

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Автокөліктерде өрттің пайда болуының себептері: қосымша жабдықтарды (дабыл, радио, ішкі тюнинг тағы басқа) көлікке сапасыз орнату салдарынан электр сымдарына шамадан тыс күш түсу, қатып қалған қозғалтқышты қыздыру үшін дәнекерлеу және басқа да ашық от көздерін пайдалану; электр газдәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде отты абайсыз пайдалану; автокөлікте темекі тартқан кезде; автокөлік жабдықтарының дұрыс қондырылмауы немесе істен шығуы нәтижесінде өрт кенеттен үлкен апатқа айналуы мүмкін. Ол әсіресе қозғалыс кезінде, отқа оттегі ағыны шектелмеген кезде аса қауіпті болып келеді: оттегінің есебінен жану өршіп, алаңы ұлғая береді.

Көлікте пайда болатын өрттің көп жағдайда алдын алуға немесе пайда болу қауіпін азайтуға болады. Ол үшін автокөліктің техникалық жағдайын үнемі тексеріп отыру керек.

Өрт пайда болған жағдайда жүргізушілер келесі шараларды қолдануы қажет:

- 1.Үрейге бой алдырмау
- 2.Автокөлікті тоқтатып,

қозғалтқышты сөндіру;

3.Автокөліктен шығып, жолаушыларды түсіру, олардың қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кеткеніне көз жеткізу. Сондай-ақ 101 немесе 112 телефон нөмірлеріне қоңырау шалуды ұмытпау;

4. Егер де жану басталу және көңірсу сатысында болса – өрт сөндіргіштің көмегімен өртті өз бетінше сөндіріп көру. Оттегінің түспеуін қамтамасыз етуге тырысу қажет. Ол үшін тығыз киімдерді пайдалануға болады;

5. Егер өрт мотор бөлімінде басталса және қандай сатыда екені белгісіз болса, капотты ашудың қажеті жоқ. Өрт сөндіру кезінде таза ауа бермес үшін капоттың қақпағын ашпаған дұрыс. Қақпаққа сәл ғана саңылау беріп, өрт сөндіргіштің басын жанып жатқан жерге бағыттау керек;

6. Егер өрт салонда басталса, терезелерді және есікті қажетінсіз ашпау. Оттегі жетіспеуіне байланысты өрт сөніп, ыдырау сатысына көшуі мүмкін;

7. Үлкен көлемді өртті өз

бетінше сөндіруге әрекет жасамау;

8. Өртті жою мүмкін болмаған жағдайда, көліктен алысырақ қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кету керек, себебі жанар май багі жарылуы мүмкін.

Сонымен қатар автокөліктегі өрттерді сөндіру үшін оларды қол өрт сөндіргіштерімен қамтамасыз еткен жөн. Жеңіл автокөліктерді ОП-5 немесе ОУ-3 типті өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етуге кеңес береміз. Оны сатып алысымен автокөлікке оңай алынатын жерге бекітіп қою қажет. Оларды автокөлікте қатты ыстық пен өте төмен температурада қалдырмауға тырысыңыз және өрт сөндіргіштің манометрі жасыл деңгейде тұруын үнемі қадағалап жүріңіз және қолдану туралы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сіздің өміріңіз бәрінен де маңызды екенін және өз қауіпсіздігіңізде үнемдеуге болмайтынын естен шығармаңыз!

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.